

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Күз байлығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.10.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/108165/

3”Бұлбұл”ересек тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің тех картасы

Білім беру саласы: Коммуникация**Оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы:**Күз байлығы**Мақсаты:**

Білімділік: Табиғаттағы маусымдық күз мезгілінде өзгерістер күн салқындап жапырақтар сарғайып түсуі, кейбір жануарлардың ұйқыға кетуі (аюдың), жемістер мен көкөністер жинау, оларды қысқа дайындау туралы түсініктерін кеңейту, өсімдіктердің өсіп-жетілуі үшін арнайы жағдайлар жасалатыны, адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жинақтау. Күз мезгілін бейнелеуді (сипаттама беру, тақпақтар айту, әңгімелеу, сурет салу) әңгімелеу тілін қалыптастыру, баланың тірі табиғат нысандарына қатысты оларға қызығушылық пен білуге құштарлық негізінде өзін-өзі дұрыс ұстау жайлы түсініктерін алгоритмдеу арқылы меңгерту.

Тәрбиелік: Тапсырма орындау арқылы оларды ажыратып жемістерді бөлек, көкөністерді бөлек топтастыруға, аттарын дұрыс атай білу арқылы сөздік қорын дамыту, жалпылауыш сөздерді қолдана білуге (көкөністер, жемістер) үйрету. Түбірлес сөздерді (бақша, бақшада) жасауға және қолдануға жаттықтыру, оларды өз тәжірибесінде белсенді қолдану. Жеміс пен көкөністерді көлеміне қарай дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық: Берілген шығармалардан үзінділер жатап (өлеңдер), ұсынған «Жеміс бағында» тақырыбына сай шығарманы бойынша түсінгенін айтып, әңгіменің жалғасы мен аяғын ойлап табуға, компьютерді пайдаланып бірнеше біркелкі заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін (үлкен және кішкентай көкөністер мен жемістер) суретті орналастыруға қатыстыру. Үлкендердің еңбектерін құрметтеуге, үлкендерге көмектесуге ықыластарын арттыру. қыс мезгілін бейнелейтін түстірді тандап, сурет

салуға қатыстыру.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Күз мезгілінің маусымдық ерекшеліктерін айту.



Әдіс-тәсілі: АКТ, ойын; ой қозғау, түсіндіру, әңгімелесу, өлеңдер оқу, жұмбақ жасыру; слайд көрсету; компьютермен тапсырма орындау.

Қажетті көрнекі құралдар: Табиғи жеміс пен көкіністер, үлестірмелі жемістер мен көкіністер бейнеленген суреттер, муляждары, дидактикалық ойынға арналған карточкалар.

Билингвальдық компонент: Жемістер-фрукты-fruit, көкіністер-овоци-vegetables, алма-яблоко-apple, алмұрт-груша-pear, қияр-огурец-cucumber, қызанақ-помидор-tomato.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
<p>Мотивациялық - қозғаушы — Ой қозғау</p>	<p>Жұмбақ оқып беру. Бұл қай кезде болады? Бұлттар төніп, Жерге шөгіп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, Өңі тайып, Дала суры қашады. Алма, өрік, шие, алмұрт, Жидек, жузым піседі. Қауын-қарбыз, қияр, сабіз Дүкендерге түседі. Астық пісіп, орақ түсіп Қырман дәнеге толады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? I. Жансүгіров. Дұрыс. бұл күз мезгілінде болады. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Дұрыс. күз мезгілі; Күз мезгілі қандай тамаша. Сендер күз мезгілін сипаттап бере аласызба? Дұрыс. Өте жақсы.</p>	<p>Жасырған жұмбақты зейін қойып тыңдайды.</p>  <p>Бұл күз мезгілінде болады -Суретте жылдың күз мезгілі бейнеленген. Күз мезгілі өте тамаша. Табиғат өте әдемі, айнала сары жапырақтарға толы, балалар ересектерге көкіністер мен жемістер жинасуда.</p>

<p>Іздену – ұйымдастырушы</p>   	<p>— Балалар бізге топқа бағбан сияпатқа толы себет әкеліңіз. Барлығымыз көріп ішінде не бар екенін айтайық.</p> <p>1. — Ойын - Көкністер мен жемістер жинау.</p> <p>2. Ойынның шарты: ар топ өзіне тән заттарды тез арада жинап алу, шашпандығы мен жылдамдығын дамыту.</p> <p>— Балаларға екі топқа бөлінуі ұсыну.</p> <p>— Бір себетке бақта өсетін заттарды, ал екінші себетке бақшада өсетін заттарды салу қажет.</p> <p>Мына себетке нелерді жинап салдық көрейікші.</p> <p>Қалай аталады, орысша қалай аталады, ағылшынша қалай болады?</p> <p>Барлығын бірге айтқанда қалай аталады? Дұрыс. Өте жақсы.</p> <p>— Ал екінші себетте нелер жиналған. Осы заттар орысша, ағылшынша қалай аталады айтайық.</p> <p>Қалай ойласыз бұл заттарды қалай атауға болады?</p> <p>1. Өте жақсы.</p> <p>2. Ойынды қорытындылау: Ек топта шатастай тез жинап алды, атауларында дұрыс айтты, жарасымдар.</p> <p>— Кім осы жемістер мен көкністер туралы тақпақтар біледі?</p> <p>Балаларға билетін тақпақтарын айтуды ұсыну.</p> <p>— Балалар жанағы бағбан әкелген себетін ішінде сізге тапсырма бар екен.</p> <p>Ойын: «Дұрыс орналастыру»</p> <p>Балаларға суреттер ұсынылады. Суреттерде өсіп тұрған көкніс, көкністі жинау мезгілі, тазартып, топтауы және оларды өңдеу немесе дүкенге әкеліп сатуға көрсетілген.</p> <p>Ойынның шарты: Суреттерді ретімен орналастыру қажет — Бірінші көкніс қайда өседі?</p> <p>— Содан соң не істеу керек?</p> <p>— Жинап алған соң не істейміз?</p> <p>Бірнеше бағдан жауап алу қалай дұрыс орналастырғаны туралы.</p> <p>Дұрыс. Барлығын өте жақсы жұмыстандыңыз.</p> <p>— Серпту сөзі.</p> <p>Әне, аюдың апаны, Жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық, Саңырауқұлақ, бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды, Оқтып біз алайық, — Балалар бағбан әкелген себетін ішінде тілхат бар екен. Мұнда күз туралы әңгіме берілген, ендеше оқимын, сендер мұқият тыңдаңыз.</p> <p>Жеміс бағында</p> <p>Ерте, ерте ертеде ме....., әлде қазіргі заманда не, белгісіз. Әділхан қарияның немересі қаладан қонаққа келеді. Қария немересін қасынан қалдырмай ертіп жүреді екен.</p> <p>Бір күні қария:</p> <p>— Дәулетжан, бүгін баққа барамыз тура ғой, дейді ақырын дауыспен немересін ұйқыдан оятпайды.</p> <p>Бұрын - соңды «Бақ» деген сөзді естімеген Дәулет тыңырлап, «Ол не екен?» деп ойлайды. Олар баққа келеді. Бақ іші сондай әдемі, бұтақтары жемістен көтере алмай өсіп тұрған артуы ағаштарды көріп, «Бақ» деген сөзге бірден түсінеді. Анасының базардан әкеліп жүрген жемістері де бар екен. Дәулет жеміс ағаштарын қызықтап, бақ ішін аралап жүрді. Бір ағаштың қасына келіп тоқтады.</p> <p>Ол ағаш:</p> <p>— Мен өркіпін, өркіпін. Табиғатқа көрікпін-деп, өзін таныстырып, жемісінен үзіп береді. Келесі ағашқа кездесті. Ол қандай ағаш екен?</p> <p>— Мен шиемін, шиемін, Күнің көзің сүйемін, — деп таныстырады. Ши жемісінен үзіп береді. Биік өсіп тұрған ағаш та жемісінен дәм таттырып, өзін былай таныстырады: — Мен алмұртпын, алмұртпын, Аузыңдамын бар жұрттың. Жеміс ағаштарына дән риза болып келе жатқан Дәулетке жүзім тап болды.</p> <p>— Мен жүзімін, жүзімін, Моншақ болып тізілдім, — деп өзіне таныстырып, жемісінен сыйлайды. Дәулет атасына біраз көмектеседі. Жемістер жинады, бақшаны тазартты. Әділхан қария немересіне риза болып, «Кішкентай бағбаным» деп басынан сипап, арқасынан қақты.</p> <p>Осы әңгіме аяқталмай қалған сияқты, қалай ойлайсыз қалай аяқтауға болады. Кім өзі әңгімені аяқтағысы келеді.</p> <p>2-3 бала әңгімелейді.</p> <p>Әңгімеде не туралы жазылған? Күз туралы не білдік.</p> <p>— Балалар қыста жемістер мен көкністерді қалай сақтап, жеуге болады? Ондай болса біз қазір компьютер арқылы ойын ойнаймыз.</p> <p>Тапсырмалары: «Анамызға көкініс тұздауға «көмектесейік».</p> <p>Шарты: Мониторда салынған банккаларға тышқанды пайдаланып, рет-ретімен қатарлап көкіністерді орналастыру қажет.</p> <p>— Балалардың бір тобына дайын салынған банка суретіне көкністерді салып тұздауды, ал екінші тобына жемістердің суреттерін пайдаланып компот жабуды ұсыну.</p> <p>— Сурет өңдемі болып шығу үшін заттарды дұрыс орналастыру қажет. Көкністерді банкаға толтырып салып, араларында аздап орын қалдырған дұрыс.</p> <p>Жұмыс барысында дұрыс орналастыруларын қадағалаймын.</p> <p>Сіз салған қиярлар мен қызанақтардан және алма мен алмұрттан, алхордан дәмді ассорти шығады.</p> <p>— Тұздауға қандай көкністер пайдалануға болады екен? Кім айтады?</p> <p>— Олардың пішіндері мен түстерінде айырмашылық бар ма?</p> <p>— Тандалған жемістердің көлемдері бірдей ме? Олар туралы не айтуға болады? Кім біледі көкністер мен жемістердің адам денсаулығына тиір пайдасы туралы.</p> <p>— Балалар біз бүгін аналарымызға көп көмек тигіздік, олар жұмыстарыңды көріп, қатты қуанып деп ойламын.</p> <p>Өте жақсы.</p>	<p>Балалар ішінен бір-бірден көкіністер мен жемістерді шығарып көрсетіп атауларын атайды:</p> <p>— мынау алма, алмұрт — мынау қияр, қызанақ, т.б.</p> <p>Екі себетке жемістер мен көкністерді бөліп салады. Мына себетке бақта өсетін жемістерді салдық.</p> <p>Мынау алма-яблоко- apple, алмұрт-груша- reat, Жемістер-фрукты- fruit.</p> <p>Ал мына себетке бақшада өсетін заттарды жинадық олар қияр-огурец-сucumber, қызанақ-помидор-tomato.</p> <p>Ал мына себетке жиналған балпақ заттар көкністер-овощи- vegetables деп аталады.</p> <p>Балалар жеміс-жидектер туралы тақпақтарын айтады. Балалар ойынның шартын зейін қойып тыңдап, суреттерді ретімен орналастыруды бастайды: алдымен көкініс өсіп жатқан суретті, жинау мезгілі, топтырағынан тазартуын, топтауын, өңдеу немесе дүкенде сатуының орналастырады.</p> <p>Алдымен көкініс бәқшадәседі, пісіп шыққан соң оны жинап алады, жинап алған соң тазартып, топтайды. Дайын көкністерді қысқа банккаларға салып тұздауға болады, немесе дүкенде сатады.</p> <p>Балалар өңіміні мұқият тыңдайды.</p> <p>Әр бала өз қиялы бойынша әңгіме құрастырады. Жемістердің компот, варенье жасап, ал көкністерді банкаға тұздап жеуге болады.</p> <p>Ойынның шартын мұқият тыңдап, жұмыстануға көрседі.</p> <p>Балалардың бір тобы банкаға көкністерді салып тұздайды, ал екінші тобы жемістердің суреттерін пайдаланып компот жабды.</p> <p>Сурет өңдемі болып шығу үшін заттарды дұрыс орналастырады. Көкністерді банкаға толтырып салып, араларында аздап орын қалдырады.</p> <p>Өз суреттеріне қарап салған қиярлар мен қызанақтардан және алма мен алмұрттан, алхордан дәмді ассорти шыққанын көреді, қуанышқа бөленеді.</p> <p>Әр бала алдындағы компьютерде суреттерді орналастырып компот, варенье жасап, көкіністерді тұздайды.</p> <p>— Тұздауға қияр, қызанақтарды пайдалануға болады.</p> <p>— Тұздауға алынған қиярлар солғаша пішінді, ал қызанақтар дөңгелек болып келеді.</p> <p>— Түстерін айтатын болсақ қиярлар жасыл, ал қызанақтар қызыл түсті болады.</p> <p>Жемістердің көлемдері бірдей емес, алма мен алмұрт үлкен, сондықтан банкаға аз алма мен алмұрт салынады. Ал жүзім кішкентай көлемді, оларды көбірек салуға болады.</p>
--	---	---

Рефлексия коррекциялаушы 	— Балалар мына ребусті шешіп көрейік.  КҮЗ Соңымен бүгінгі оқу іс-әрекеті сізге ұнасы көңілді смайлдерді көтеріңіз.	Суреттерге қарап КҮЗ деген сөз пайда болғанын айтады. Оқу іс-әрекеті ұнағанын көңілді смайлдерді көтеру арқылы білдіреді.
--	--	---

Күтілетін нәтиже

Баланың білуі: Табиғаттағы маусымдық күз мезгіліндегі өзгерістерді, адамдар мен қоршаған орта жағдайының арасындағы байланысты, табиғатта өзін-өзі дұрыс ұстау түсініктерін білді.

Баланың меңгеруі: Күз мезгіліне тән ерекшеліктерді талдау жолдарын, ауызша жеткізе білу әдіс-тәсілдерін, Paint бағдарламасын пайдаланып дұрыс орналастыру әдісін меңгерді.

Баланың жасай алуы: Күзге тән ерекшеліктерді сипаттайды, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша суреттеу мен әңгімелер ойлап табады, салыстырады, көкіністер мен жемістердің суретін орналастыра алады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.